

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Герцен а.

«3» маусым 2025 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 5-бабының тармағына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайтын үлгілік мінез-құлық қағидаларына (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы) сәйкес, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың (бұдан әрі – Талдау) объектісі Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ-нің қызметі болып табылады.

Білім беру ұйымының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ-сі басшысының 2025 жылғы 27 мамырдағы № 23 бұйрығы шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен қамтылған кезең - 2024 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2025 жылдың бірінші жартыжылдығын қамтиды.

1. Талдау жүргізудің мақсаты -

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оны болдырмау және оның салдарын жою.

Талдаудың міндеті - Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ-нің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына ықпал ететін жағдайлар және олардың салдарын жою болып табылады.

2. Талдау барысында қолданылатын ақпарат көздері. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу ережесінің 15-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері болып табылады:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептер;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелеріндегі талдау объектісінің қызметі туралы деректер;
- 4) талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексерістері нәтижелері;
- 5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) талдау объектісінің лауазымды тұлғаларын сыбайлас жемқорлыққа құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тарту туралы ақпарат, соның ішінде құқық бұзушылықтың орын алуына ықпал еткен жағдайларды жоюға арналған ұсыныстар;
- 10) талдау объектісінің қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері, қылмыстық істердің фабулалары;
- 11) бұрын жүргізілген сыртқы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдаудың нәтижелері;
- 12) бұрын жүргізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдаудың нәтижелері;
- 13) талдау объектісінің қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ келесі нормативтік құқықтық актілерге негізделеді: - 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы; - Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ қызметкерлеріне жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартымен таныстырылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталмады

Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ өз қызметін Қостанай облысы

әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 12 қаулысымен бекітілген коммуналдық мемлекеттік мекеме Жарғысының негізінде жүзеге асырады. Жарғыда белгіленген мектептің функциялары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келеді. Аталған құжаттарда бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ қызметкерлерінің лауазымдық құқықтары мен міндеттері толық көрсетілген. Міндеттердің фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлерге демалыс беру бекітілген кестеге және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қатаң сәйкестікпен жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталмады

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Өткен кезеңде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

2.1. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы года № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізімін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, білім беру саласында - (санын көрсету) мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтерді (санын көрсету) қызметтер көрсетіледі.

2024 жылдың жартыжылдығынан 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына дейінгі кезеңде барлығы 14 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, оның ішінде: ГК арқылы – 0 қызмет, INDIGO ақпараттық жүйесі арқылы - 2 қызмет, «ҰСТАЗ» ақпараттық жүйесі арқылы - 3 қызмет, «ҰБДҚ» ақпараттық жүйесі арқылы - 4 қызмет, «EGOV.KZ» ақпараттық жүйесі арқылы - 5 қызмет. Көрсетілген барлық 14 қызмет (көрсетілген қызметтердің жалпы санының 100%) ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылған.

Тексеру барысында мемлекеттік қызметтердің электрондық түрде көрсетілетіні анықталды.

Білім беру ұйымдарының сайттарында мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты тұлғалардың телефон нөмірлері мен жұмыс кестесі орналастырылған. Мемлекеттік қызметтерді көрсетушілер бекітілген кесте мен тәртіпті сақтайды.

Білім беру ұйымы көрсететін мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталмады

2.2. Кадрлық саясат

Қызметкерлерді басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы

Штат саны - 22 қызметкер қабылданды. Осы кезеңде 1 қызметкер жұмысқа қабылданды. Шығарылғандар – 0.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталмады

Дисциплинарлық тәжірибе.

2024 жылдың екінші жартыжылдығынан 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына дейінгі кезеңде қызметкерлерге қатысты дисциплинарлық шаралар қолданылған жоқ.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері), сондай-ақ азаматтық қызметшілер мен педагогтарға қатысты нормалар қызметкерлер тарапынан бұзылмаған.

Еңбек тәртібі бұзылған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлер туралы жағымсыз ақпарат жарияланбаған.

Мүдделер қақтығысы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталмады

2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы

Құжаттарды есепке алу

Білім беру ұйымында келесі ақпараттық жүйелер орнатылған: «Е-өтініштер», «INDIGO» АЖ, «APM БҒМ ҚР» АЖ, «MINDAL» АЖ, «SAKURA» АЖ, «APM MO» АЖ. Істер номенклатурасы бекітілген, құжат айналымы қағаз түрінде және gerceno_krs@mail.kz электронную поштасы арқылы жүзеге асырылады. Барлық кіріс және шығыс ақпарат тиісті журналдарға тіркеліп, істер номенклатурсына сәйкес тігілетін және сақталатын тәртіппен рәсімделеді.

Білім беру ұйымында «Е-өтініштер», «INDIGO» және «SAKURA» ақпараттық жүйелері орнатылған. Құжат айналымы электрондық және қағаз түрінде жүргізіледі және бұл белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталмады, құжаттар тігіледі.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

«Е-өтініштер» ақпараттық жүйесі арқылы заңды тұлғалардан 2 өтініш тіркелді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталмады

2.5. Ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету

Білім беру ұйымы ақпаратты интернет-ресурстар мен Instagram әлеуметтік желісінде орналастырады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталмады

2.6. Сыбайлас жемқорлық қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

Жүргізілген жоқ

2.7. бақылау және рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауданы білім бөлімінің Герцен негізгі орта мектебі» КММ-не бақылау және рұқсат беру функциялары жүктелмеген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: бұл бөлім бойынша ішкі талдау жүргізілмеген.

Негіздеме: мекеме бақылау және рұқсат беру функцияларына ие емес болғандықтан, ішкі талдау жүргізілмеген.

Шешу бойынша ұсыныстар: қажет емес.

2.8. Сот практикасын талдау

Анализ объектісіне қатысты азаматтық-құқықтық сипаттағы сот істері тіркелмеген.

2.9. Қадағалау органдарының тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Тексерулер жүргізілмеген

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: -

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдарының және азаматтардың ақпараты.

Тексерулер жүргізілмеген

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: -

2.12. БАҚ пен басқа да ақпарат көздеріне мониторинг


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдер: Мектеп қызметкерлеріне қатысты жағымсыз сипаттағы жарияланымдар анықталмады

Қорытынды.

2024-2025 оқу жылының екінші жартыжылдығы аралығында жүргізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау нәтижесінде тәуекелдер анықталмады.

Басшы

Жұмыс тобының жетекшісі:



[Handwritten signature]

Оспанова С

Мынбаева С